



№ 4 (1473)
6 ақпан
2013 жыл

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz

Ұлт рухын оятқан басылым

«Қазақ» газеті – 1913-1918 жылдары Орынбор қаласында жарияланып тұрған қоғамдық-саяси және өдеби-мәдени басылым. 1915 жылға дейін аптасына бір рет, одан кейін екі рет шыққан. Газетке қаржылай көмектескендердің көшбасында Мұстафа Оразайұлы бар. Жалпы 265 нөмірі жарық көрген. «Қазақ» газетін шығаруды ұйымдастырушы, редакторы – А.Байтұрсынұлы, оның өкілетті өкілі М.Дулатұлы болды. Бір сәт тарихқа көз жүгіртіп, парақтап өтсек, осындай деректерге қанығамыз. Күні кеше ғана қазақ басылымдарының абызына айналған «Қазақ» газеті 100 жасқа, қазақ руханиятының ұлы тұлғасы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 140 жыл толуына орай әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, журналистика факультетінде Қазақстан Журналистер одағы, Қазақстан Журналистика академиясы, «Бас редакторлар клубы» қоғамдық бірлестігінің қолдауымен «Қазақ журналистикасы тарихын зерттеу мен даму үдерісінің өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті.



Конференцияға еліміздегі БАҚ-тың басым көпшілігі қатысты. Халықаралық конференцияның ашылу салтанатында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры, академик Ғ.Мұтановтың алғы сөзін жеткізген профессор М.Бүркітбаев: – «Қазақ» газетінің жүз жылдығы – бүгінгі бұқаралық ақпарат құралдарының, соның ішінде газет басылымдарының қай арнада дамып, қандай белестерді бағындыруы

керек деген сияқты сұрақтарды дәстүрді жалғастыра отырып, сараптаудың кезеңі десек болады», – десе, журналистика факультетінің деканы Өмірхан Әбдиманұлы: – «Қазақ» газеті – қазақ халқымен тұтасып кеткен абыз басылым. Бүгінгі конференцияға дейін «Қазақ» газеті жайлы айтылмады деп айта алмаймыз. Бірақ, бұл жолы Ахмет Байтұрсынұлының қызмет жолын, «Қазақ» газетін ұйымдастыру

жолдарын ары қарай зерттеу керектігін айтқымыз келеді», – деп өз ойын ортаға салды.

Арнайы қонақ ретінде келген Қазақстан Журналистер одағы Басқармасының төрағасы Сейітқазы Матаев жиын барысында: – «Қазақ» газеті ХХ ғасырдың басында тұтастай жалпы ұлттың ықыласпен оқитын басылымына айналған. Өуел бастан-ақ басылым өз бағдар-мұратын ұлт азаттығының жолына жұмсап, барша қазақ зиялыларына тынымсыз соғылған қоңырау сияқты халықтың қалғи бастаған рухын оятып, мыңдаған зерделі жасты тәуелсіздік туының астына жинай білді. Дегенмен, 1918 жылы жабылып қалған «Қазақ» газеті араға 88 жыл салып, 2006 жылы наурыз айында қайта жарық көріп, шыға бастады. Міне, кезінде халықтың үні, құлағы, көзі болған бұл басылым сол игі дәстүрді жалғастырып келеді», – деп журналистік пайымын жеткізді. Сондай-ақ, конференцияда сөз алған «Бас редакторлар клубы» қоғамдық бірлестігінің президенті Кенжеболат Жолдыбай мырза: «Бүгін біздің, жалпы қауымның мәдени, саяси, әлеуметтік өмірінде үлкен оқиға болып отыр. Бұл «Қазақ» газетінің 100 жылдығы, Ахмет Байтұрсынұлының 140 жылдығын тойлап

(Басы. Соңы 2-бетте.)

Жартыжылдық нәтиже анықталды

Мәжіліс дәстүр бойынша алдымен айындалған бірқатар шәкіртақылар мен алғыс хатты табыстаумен басталды. Сонымен, академик М.Т. Козловский атындағы шәкіртақы «Үздік химик-аналитик 2012» байқауының жеңімпазы, «химия» мамандығы бойынша білім алып жатқан 2-курс студенті Гауһар Асқароваға бұйырды. ҚазССР ҒА мүше-корреспонденті О.А.Сонгина атындағы шәкіртақы оқудағы және ғылыми-зерттеу жұмыстарындағы жетістіктері үшін «бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығы бойынша 1-курс магистранты Жадыра Мұхаметжановаға табысталды. Сондай-ақ оқудағы үздік нәтижелері үшін факультет деканы Ж.К.Таймағанбетов тарих, археоло

Оқытушы-профессорлар қауымының атқарған іс-шаралары жіпке тізіліп, олардың еңбегі мен қызметінің нәтижесі сарапқа түсер шақ та келіп жетті. Олай дейтініміз факультеттер мен кафедралар рейтингісінің деңгейі ондағы ұжым жұмысының көрсеткіші екендігі баршаға аян. Ендеше 4 ақпандағы ҚазҰУ-дың ректорат мәжілісінде 2012-2013 оқу жылының бірінші жартыжылдығындағы факультеттер мен кафедралар рейтингісі қорытындыланды.

логия және этнология факультетінің студенттеріне бағалы сыйлық табыстады. Ал, Алматы қаласы әкімшілігі атынан берілген алғыс хатты бас ғалым хатшы Ләззат Маратқызы таныстырды. Университет басшысы Ғалым Мұтанұлы марапат иегері Гүлнәр Насимоваға Құрмет грамотасын салтанатты түрде табыс етті.

Марапаттаулардан соң мәжіліс күн тәртібіндегі сұрақтарға көшті. Алдымен Аккредитациялау, рейтинг және сапаны басқару жөніндегі орталық директоры

Гүлшат Салауатқызының 2012-2013 оқу жылының бірінші жартыжылдығындағы факультеттер мен кафедралар рейтингісі жайлы ақпары тыңдалды. Ол бойынша жалпы рейтингте механика-математика факультеті, филология, өдебиеттану және әлем тілдері факультеті және физика-техникалық факультеті көш бастап келеді екен. Алайда, оқу-әдістемелік жұмыс, ғылыми-зерттеу жұмысы, әлеуметтік жұмыс және халықаралық байланыс бөлімдері бойынша әр факультеттің

көрсеткіші алуан түрлі. Соған орай факультеттер мен кафедралардың кестедегі орны алмасып отырады. Мысалы, ғылыми-зерттеу жұмысына көлсек, химия және химиялық технология факультеті, механика-математика факультеті және биология және биотехнологиялық факультеті алғашқы орындарды иеленіпті. Бұл көрсеткіштер нақты жылдық қорытынды болмағанымен, факультет, кафедралардағы жұмыс қарқынынан біршама хабар беріп, оларға қозғау салғандай.

Сондай-ақ мәжілісте университеттің тыныс-тіршілігіне қатысты өзге де өзекті мәселелер қаралды.

Әйгерім ӨЛІМБЕКОВА

БҮГІНГІ САНДА:

ЖАСАМПАЗДЫҚТЫҢ
ЖАҢА МЕЖЕСІ



2-бет

БҮГІНГІ САНДА:

«GLOBAL CLASSROOM» –
НОВЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ



7-бет

БҮГІНГІ САНДА:

КАЗАХСКАЯ КУХНЯ
В МОСКВЕ



8-бет



Жуырда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультетінде «Қазақстан-2050» Стратегиясы – жасампаздықтың жаңа межесі» атты дөңгелек үстел өтті.



Қ А З А Қ С Т А Н
2050

Жасампаздықтың жаңа межесі

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы:

«қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауы ел ішінде жаңа серпіліс туғызды. Жолдауда көрсетілгендей, бүгінгі күні біздің экономикамыз XXI ғасырдың жаһандық он сын-қатерін ескере отырып, ең алдымен мемлекеттің ішкі мақсаттарын орындауға бағытталған. Ол үшін бізде барлық алғышарттар бар. Елбасы алға қойып отырған жаңа міндеттер әр адамнан үлкен жауапкершілікті, сапалы еңбекті, белсенділікті, білімділік пен тәрбиелілікті, өз елінің патриоты болуды талап етеді. Дөңгелек үстелге дінтану және мәдениеттану кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымдарының докторы, профессор Құрманалиева Айнұр Дүрбелеңқызы, философия ғылымының докторы, профессор Рысбекова Шамшия Сайдғалиқызы, деканның оқу ісі және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары п.ғ.к., доцент Әлғожаева Нұрсұлу Сейткерімқызы, факультетің аға-эдвайзері п.ғ.к., доцент Төлешова Ұлмекен Болатқызы,

кафедра оқытушысы Альджанова Нұрлыхан Қожабергенқызы және филос.ғ.к., аға оқытушы Бияздықова Кенжегүл Әлімбекқызы қатысып, студенттердің пікірлерін тыңдап, талдады, дұрыс шешімдерін айтты. Сондай-ақ студенттер баяндама оқыды. Атап айтар болсақ, «мәдениеттану» мамандығының 3-курс студенттері Ж. Әділханов, Ш. Жусипбеков, Д. Сүлеймен. Олар Қазақстан ХХІ ғасырдың ортасына қарай әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарында болуға тиіс, екінші, «Қазақ мемлекеті», үшінші «Мәңгілік ел атану» тақырыптарын қозғады. Бұл мақсаттарға білімділік пен ұлтжандылықтың, аянбай еңбек етудің арқасында ғана қол жеткізуге болатынын да айтып өтті. Сонда ғана біз «Бірлігі жарасқан – ынтымақты ел» болып, гүлденіп көкке самғай аламыз деп қорытындылады олар.

А. А. МҰХАНБЕТ,
3-курс эдвайзері, филос.ғ.к.;
Ж. ДАТҚА,
«мәдениеттану»
мамандығының 3-курс студенті

Табысты әріптестік жалғастығы

Жақында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті, шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беруге дайындық кафедрасы дөңгелек үстел өткізді. Оған факультет оқытушы-профессорлары және Алматыдағы Қытай Халық Республикасының елшісі Гао Чен мырза қатысты.



Кездесу барысында профессор Ж.Ә. Нұршайықова кафедрада жүргізіліп жатқан білім беру үрдісі, оқу-әдістемелік жұмыстары, ерекшеліктері мен басым тұстары туралы мәлімдеме жасап, кафедрадағы ғылыми зерттеулердің жаңа бағыттарымен таныстырды. Сонымен қатар тәжірибе алмасу, біліктілікті арттыру, ғылыми, мәдени байланыстар орнату туралы ұсыныстар жасалынды.

Сондай-ақ Гао Чен мырза өз еліндегі жоғары оқу орындарының тарихымен, білім берудегі өзіндік жүйесімен, әдіс-тәсілдерімен, қазіргі заманғы жаңалықтарымен таныстырып, ой бөлісті. Тәжі-

рибе алмасу және біліктілікті арттыру мақсатында өткен кездесуде екі жақты тәжірибе алмасу туралы әңгіме жалғасын тауып, келген қонақ факультеттегі мұражайды аралап, өз қызығушылығын білдірді. Студенттердің жатақханасын аралап, шетелдік студенттердің әлеуметтік жағдайымен, күнделікті тұрмыс-тіршілігімен танысты.

Ж.Ә. НҰРШАЙЫҚОВА,
кафедра меңгерушісі,
профессор;
А.Е. САДЕНОВА,
доцент

Ұлт рухын оятқан басылым

(Соңы. Басы 1-бетте.)

жатқандығымыз. Осы конференцияда өте орынды, орнықты ойлар айтылып жатыр. Мен солардың барлығына қосыламын. Мысалы, бүгінгі биіктен қарап отырсаң, осыдан 100 жыл бұрын айтылған әңгімелердің төркіні бүгінге дейін өзінің мәнін жоғалтқан жоқ. Мәнін ойымша, бүгінгі алда тұрған ең басты мақсат – сондағы айтылған әңгімелер мен бүгінгі айтылған әңгімелерді қабыстыра отырып, сол мәселелердің шешіміне бірлесіп жұмыс жасауымыз керек сияқты. Сондықтан мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұйымдастырушыларына, басшылығына, факультетіне үлкен рахмет айтқым келеді. Өйткені, бүгін барлығымыздың басымыз қосылып, бір үлкен «қазаққа» керек мәселеде бас қосып отырмыз. Журналистика мәселесі, қазақ журналистикасының мәселесі төңірегіндегіні біріктіретін, бірлесе шешетін алғышарттары жасалады деп ойлаймын. Бүгінгі конференция сол алғашқы қадамдардың бастауы іспетті», – деп кешегі «Қазақ» газетінің көтерген мәселерімен қазіргі қоғам тынысын салыстырып, өз ойын қорытты.

Ал, журналистика факультеті, баспа ісі және дизайн кафедрасының меңгерушісі Сағатбек Медеубекұлы:

«1913 жылы, 2-ақпаннан бастап шыға бастаған «Қазақ» газеті» – сол дәуірдегі қазақ ұлтының оянуына, қазақ зиялыларының топтасуына, қазақ халқының отарлау саясатына қарсы күресінің, азаттыққа деген ұмтылысының күшеюіне игі ықпал жасады. Жалпы өркениетке ұмтылудың басы болды. Баспа, полиграфия деген ұғымдар арқылы, тасқа басылған сөздер арқылы қоғамдық санаға қозғау салуға болатындығын және сол арқылы шындығында қозғау салған «Қазақ» газеті – Алаш зиялыларының басын біріктірді. Алаш зиялыларының ұлттық азаттығы, теңдігі, болашағы үшін ұйысуына мұрындық болды. «Қазақ» газетінің – тарихи миссиясы солай болған», – деп газет жайлы тарихи толғанысын білдірді.

Ғылыми конференция барысында ХХ ғасыр басындағы қазақ баспасөзі, қазақ журналистикасы тарихы, Алаш баспасөзінің ұлттық сананы оятудағы қызметі, «Қазақ» газетінің ұлттық баспасөз дамуындағы орны, сондай-ақ ұлт санаткері Ахмет Байтұрсынұовтың қоғамдық-саяси һәм мәдени-ағартушылық қызметіне арналған мәселелер талқыланды.

Конференция жұмысы барысында «Алаш» мұрасын насихаттауға ерек-

ше үлес қосқан көсемсөзші, елдегі жалпыұлттық журналистік сыйлық – «Алтын Жұлдыз» бәлгісі салтанатты табысталды. Бұл жолғы «Алтын Жұлдыз» сыйлығының иегері – Егемен Қазақстан газетінің тілшісі Қайсар Әлім. Ол Қазақстан Журналистер академиясының «Алтын Жұлдыз» жалпыұлттық сыйлығымен арнайы марапатталды. Сондай-ақ, «Уақыт таңдауы» агенттігі мен республикалық қоғамдық саяси «Президент және Халық» газетінің бірлескен жобасы бойынша, Ұлт басылымдарының атасы «Қазақ» газеті (Бас редакторы Қоғабай Сәрсекеев) шыға бастағанына 100 жыл толуына орай және тарихи сабақтастықты жүйелі жалғастырғаны үшін «Жылдың үздік басылымы» деп танылды.

Конференцияда қазақ журналистикасы тарихын зерттеудің теориялық және тәжірибелік незідері, «Қазақ» газеті және қазіргі қазақ баспасөзіндегі ұлттық мәселелер, А.Байтұрсынұов және Алаш баспасөзі, қазіргі қазақ көсемсөзінің қоғамның саяси, мәдени және рухани дамуындағы ағартушылық қызметі, қазақ әліпбиінің қалыптасу тарихы, бүгінгі ахуалы, болашағы деген бірнеше өзекті

тақырыптар бойынша секциялық отырыстар жүргізілді.

Қазақ қоғамындағы айтулы оқиғаға орай журналистика факультеті теле радиокешенінің директоры Молдахан Абдраевтың басшылығымен, студенттердің қатысуымен жасалған «Ұлт санасының зергері» атты бейнефильм көпшілікке ұсынылды. Әсіресе, үлкен қаламгер ағаларының жолын жалғап келе жатқан журналистика факультетінің студенттері де конференцияда сөз алып, өз ойларымен бөлісіп отырды. «Мұндай конференцияға жас журналистердің қатысқаны өте дұрыс. Олардың шыңдалуына мүмкіндік береді», – дейді Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының меңгерушісі Құдайбергген Тұрсын мырза.

Ұлт баспасөзінің атасына айналған басылымның мерейтойына жұртшылық көп жиналды. Әсіресе, жастар жағы. Жастар да ұлттық руханиятын оятқан басылымның тарихын тани отырып, белсенділік көрсетті. Ақсақал аталары мен айтары мол ағалары оларға ақ тілектерін білдіріп жатты.

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,
журналистика факультетінің
2-курс студенті

Жақында филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті, қазақ әдебиетінің тарихы және теориясы кафедрасының оқытушы-профессорлар ұжымы Алматы қаласындағы №81 мектептің «Самғау» ғылыми орталығының ұйымдастыруымен осы мектептің оқушылары және мұғалімдерімен кездесті.

ӘДЕБИЕТШІ ҒАЛЫМДАР ОҚУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Кездесуде алғы сөз сөйлеген мектеп директоры Р. Болатбаева жиналған көпшілікті мектептің ұстаздар қауымымен таныстыра келіп, өздерінің алға қойып отырған мұрат-мақсаттары жайлы қысқаша баяндады. Ал, кафедра атынан сөз алған профессор А. Бұлдыбай мектеп ұжымына ҚазҰУ жетістігімен және жоғары білікті кадрлар дайындау жолымен таныстырды.

Факультет, кафедра тарапынан кездесуге қатысқандар филология ғылымдарының докторлары, профессорлар З. Сейітжанов, Ж. Тілепов, З. Бисенғалиев және филология ғылымдарының кандидаттары, доценттер А. Бұлдыбай, М. Үмбетбаев, С. Дәрібай, т. б. еді. Бұл бас қосу ғылыми сыр-сұхбат түрінде өрбіп, оқытушы-профессорлар мен мектеп мұғалімдері, шәкірттері арасында өзара емін-еркін жылы шырайлы қатынас орнап, оқушылар кафедра мүшелеріне өздерін толғандырып жүрген сұрақтарын қойды. Мазмұны жағынан алғанда ол сұрақтар оқытушы ғалымдардың жеке өмір-тіршілігінен бастап, олардың ғылым жолы, зерттеушілік мәнер-машықтары, өзіндік ерекшеліктері және университеттегі оқу-тәрбие ісі, оның құрылымдық жүйесі секілді қадау-қадау аса маңызды мәселелерді қозғады. Сол қойылған көптеген сұрақтардың ішінде оқушылар «Ғылыми жұмыстың жаңалығы деген не?», «Фольклорда қазіргі кезде қандай жаңалықтар бар?», «Оқушылардың ғылыми жұмыстарына көңілдеріңіз тола ма?», «Ғылыми жоба дегенді қалай түсінеміз?» деген сияқты сауалдарға ерекше ынта танытқаны байқалды. Сұрақтарға тіл қатқан профессор З. Бисенғалиев әуелі қазақ әдебиеттану ғылымының даму тарихына шолу жасады. Кеңестік заманда өмір сүрген әдебиет зерттеушілерін, олардың қолымен жасалған ғылыми жұмыстарды атап, өз тарапынан баға берді. Бұдан соң қазіргі тәуелсіз заманымыздағы әдеби зерттеу істерінің өзіндік ерекшеліктеріне тоқталды. Бүгінгі күндердегі ғылыми жаңалықтардың ашылу тәсілдерін, себептерін кеңінен қарапайым, жатық тілмен баяндады. Ал профессор З. Сейітжанов қазақ халық ауыз әдебиетінің аса бай рухани қазыналарын, оның жанрларын жан-жақты сипаттады. Дүниежүзілік ауқымда қазақ фольклорымен иықтаса алатын ауызша үлгілердің жоқ екендігін тілге тиек етті. Бір ғана «Бабалар сөзі» атты жүз томдықтың өзі-ақ бұл пікірді дәлелдейтіндігін алға тартты. Сөзін қорытындылай келіп, фольклоршылар зерттеулеріндегі қазіргі соны жаңалықтарға мысал

келтірді. Жас-кәріге кеңінен танымал «Жар-жар» ән-өлеңінің бұрынғы және қазіргі мәтіндерін салыстырып, оқушыларға қызғылықты әңгіме айтып берді. Сондай-ақ, профессор Ж. Тілепов өткен жиыртасыншы ғасырдағы ата буын, аға буын өкілдерінің жастарды оқу-ғылымға қалай бейімдеп булығына, қамқорлық көрсетіп, жетелеп жебеген ұстаздық қызметтеріне сүйсінісін білдірді. Сол үрдістің қазіргі күндері де жалғасын тауып жатқандығына мысалдар келтірді. Мәселен, Қазақстан Ғылым академиясында әр жылдарда қызмет атқарған академиктер М. Айтқожин, Ш. Сәтбаева, Р. Сыздықова сияқты ғалымдарды еске алды. Сонымен қатар, ақсақал профессорлар Тұрсынбек Кәкішев пен марқұм Зейнолла Қабдоловтың жас кадрларды қалай даярлап, іріктегендіктерін сөз қылды. Әдебиетші жас мамандарды кафедраға ұстаздыққа қабылдаудағы олар қолданған амал-тәсілдер туралы сыр шертіп, қатты тебіренді. Оқушылардың сауалдарына орай ғылыми жоба туралы, ғылым жолына түсу жайлы профессор, доценттер З. Бисенғалиев, А. Бұлдыбай, З. Сейітжанов, Ж. Тілепов, М. Үмбетбаевтар кезек-кезек сөз алып, өздерінің түсінік-пайымдарын білдірді. Ғылым жолына түсу себептері тұрасында оқушыларға ғибрат боларлық өздерінің жеке бастарынан кешкен ыстық-суық, сүйінші-күйінші жайлардан сыр шертті. Бұл — оқушылар үшін аса қызығушылық тудырып, олар ынта қоя тыңдады.

Өз кезегінде профессор А. Бұлдыбай соңғы жылдарда жалпы білім беретін орта мектептерде ғылыми жоба жұмыстарының жаппай жүргізіліп келе жатқандығын, оған басшылықтың, жетекшіліктің қалай жүзеге асырылатындығын талдап түсіндірді. Ғылыми жобаларды қорытындылау мен бағалау жолдарын, оның сәтті-сәтсіз жақтарын, кездесетін қиындықтарды ашып айтып, облыстық, республикалық деңгейде өзі басқарған тұстардағы іс-тәжірибелерімен бөлісті.

Қорыта келгенде, Қазақ әдебиетінің тарихы және теориясы кафедрасы әдебиетші ғалымдарының № 81 мектептің оқушылары және ұстаздарымен болған кездесуі айрықша ашық жағдайда өтіп, екі жаққа да өте пайдалы болды. Сыр-сұхбат соңында мектеп көркемөнерпаздар мүшелері жиналған көпшілікке концерт қойып берді. Келешекте де осы дәстүрді жалғастыра беру қажеттігі атап көрсетілді.

**А. БҰЛДЫБАЙ;
М. ҮМБЕТАЕВ**

ТМД ЕЛДЕРІ ЖАСТАРЫ БАС ҚОСТЫ

«Место встречи изменить нельзя» атты фильмде Кеңес Одағының 70 жыл бойы астанасы болған Мәскеу қаласы оқиғаға арқау болады. Сол секілді тәуелсіз ел болып, ТМД-ға мүше болған мемлекеттердің де жастары кездесу орнын өзгерте қоймады. Өткен аптада М.В. Ломоносов атындағы ММУ-де ТМД елдері жастары мен студенттік ұйымдары көшбасшыларының кезекті 8-Форумы өтті.

Форумға «Еуразия достастығы» қоғамдық дипломатия, ғылым-білім және жастар ынтымақтастығының халықаралық ұйымы төрағасының орынбасары Назира Бөлтірікова бастаған Қазақстан делегациясының құрамына ҚР Білім және ғылым министрілігі жанынан құрылған Ұлттық студенттік кеңес төрайымы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ магистранты Сандуғаш Картаева, Кеңес мүшесі, Назарбаев университетінің студенті Ғалым Байтимбетов, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жастарының көшбасшысы Ләйлә Ахметова, Қазақстан студенттері Альянсы көшбасшысы Арман Абдоллаев қатысты. Онда ТМД елдері жастары арасындағы интеграция, ынтымақтастық туралы сөз қозғалып, жастар өз ой-пікірлерімен бөлісті. Ортақ жобалар талқыланып, бірлесе атқарылатын істер қарастырылды. Сондай-ақ, Беларусь Республикасының өкілі Абдрамова Ксения: «Мен Қазақстанның білім саласындағы жаңалықтарымен танысқанымда, нақтырақ айтар болсам, ЖОО-да Болон үдерісін белсенді жүзеге асырып, ҚР Ұлттық студенттік кеңесінің Еуропа студенттер одағының мүшесі болуды көздеп жатқандығы туралы естігенімде ерекше таңғалғаным бар. Расымен де, Сіздердің Елбасыларыңыз — өте парасатты көшбасшы. Ол Еуропаның барлық оңтайлы жақтарын игеруге бағыттай отырып, оның барлығын

ұлттық негізде сақтауды талап етеді. Меніңше, бұл өте ұтымды саясат», — деді. ТМД жастары бас қосқан осынау алқалы жиында замандастарымыздың білдірген пікірі, жылы лебізі, әрине, көңілімізді марқайтты. Тұла бойымызды мақтаныш сезімі кернеді. Кемел келешекке көз тастаған қазақ елінің жарқын болашағына, мерейі артып, өркендей түсуіне белсене атсалысу мақсаты тұрды көкіректе.

Форум күндері ММУ-дің дәстүрлі мерекесі Студенттер күнімен сәйкес келген екен. «Татьяна күні» аталып кеткен бүкілресейлік студенттер мерекесінде оқу ордасының өзіндік сусыны — «Медовуха» дайындалып, университет ректоры В.А. Садовничиймен бірге жастарға ұсынылды. Форум жұмысынан соң Ресейдің танымал тұлғалары — В. Терешкова, Л. Лещенко, И. Кобзон, Т. Гвердцителилердің қатысуымен керемет гала-концерт өтіп, қонақтарға ерекше көңіл-күй сыйлады.

Сонымен форум ТМД елдері жастарының жаңа байланыстарына негіз болды. Енді бұл делегаттар сәуір айында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да өтетін III Халықаралық Студенттік Форумның қонақтары болмақ.

Сандуғаш КАРТАЕВА,
ҚазҰУ магистранты,
ҚР Ұлттық студенттік кеңес төрайымы

Балалар әдебиеті аудару — аса жауапты міндет



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінде ұзақ жылдар бойы «Ұлан» газетінің бас редакторы қызметін атқарған, белгілі балалар ақыны әрі аудармашы Сұлтан Қалиұлымен кездесу өтті.

«Аударма ісі» бөлімінің 3-курс студенттері ұйымдастырған кездесуге әдебиетсүйер қауым мен аударма жанашырлары қатысты. Кездесуді аударма теориясы және әдіснамасы кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.д., профессор Ә. Тарақов ашты. Студенттер жазушы өмірі жайлы бейне көрсетілімді тамашалады. С. Қалиұлы балалар әдебиеті аудармасының қиындығы мен жауапкершілігі, аударма өнеріне қалай келгендігі жайлы әңгімеледі. Студенттердің қазіргі әдебиет және аударма туралы сауалдарына жауап берді. Сондай-ақ ф.ғ.д., профессор А. Жақсылықов, ф.ғ.к., доцент Л. Мұсалы ақынның шығармашылығы жайлы ойларын білдірді. Ақын өзінің өлеңдерін, аударма мысалдарын оқыды. Студенттер де өз өнерлерін көрсетті.

Е. КАРБОЗОВ,
филология, әдебиеттану және
әлем тілдері факультетінің доценті

«Қазақстан-2050» Стратегиясы – дамуға жетелер қарқынды серпіліс

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жыл сайынғы жолдауын Қазақстан халқына арнады. Бұл елімізді жаңа дәуірге бағыттайтын маңызды тарихи құжат. Енді үкімет алдында Елбасы қойған үлкен міндеттер тұр. Ол Қазақстанның дамыған 30 мемлекеттің қатарына ену тапсырмасы. Сонымен қатар, Президентіміз өз мерзімінде бағындырылуға тиісті жеті басымдықты белгілеп бергені баршаға аян, атап өтсек: жаңа бағыттың экономикалық саясаты, кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау, әлеуметтік саясаттың жаңа принциптері, білім және кәсіби біліктілік, мемлекеттілікті, қазақстандық демократияны дамыту, сапалы сыртқы саясат, жаңа қазақстандық патриотизм.

Тәуелсіздікке қол жеткізген күннен бастап-ақ Елбасымыз қазақ елін, жалпы мемлекетті нық қадамдармен жаңа белестерді бағындыруға жетелеп келеді. Бүгінгі күні қазақ елі – әлем мойындаған еңсесі биік, жетістіктері мол, жас әрі дамуы мен болашағы зор мемлекет. Ендігі мақсат – мемлекет негізінде экономикасы дамыған, жалпыға ортақ еңбек мүмкіндігі бар қоғам құру. Жолдауда айтылғандай, «Мықты мемлекет күнкөріс саясатымен емес, жоспарлау саясатымен, ұзақмерзімді дамумен және экономикалық өсумен айналысады».

Осы орайда, Елбасы атап өткен бір маңызды тұс – білім мәселесі. Қазіргі күнде білім алуға барлық қажетті мүмкіндіктер жасалуда. Соның ішінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде студенттердің, магис-

транттар, Phd докторанттардың жаңа үлгіде білім алуына қажет жағдайдың бәрі жасалған. Атап айтар болсақ, үнемі жүргізілетін шетелдің алдыңғы қатарлы университеттерінен келген профессорлардың дәрісі, білім алушылардың жазғы семестрде академиялық мобильділік бойынша жүргізілетін шетелдің жетекші жоғары оқу орындарында оқуға немесе ғылыми тәжірибеден өтуге бірден-бір мүмкіндіктерінің бары университеттегі білім сапасының ілгері жылжуына әсер етті. Нәтижесінде Quacquarelli Symonds (QS, Ұлыбритания) агенттігінің зерттеулеріне сәйкес әл-Фараби атындағы ҚазҰУ білім беру бағдарламалары бойынша 300-350 дәрежесіне көтерілді. Бұл Елбасы ұстанған саралы, сапалы саясаттың жемісі. «Біз қолжетімді және сапалы білім беруді дамыту бағытын дәйекті жүргізудеміз. Біздің жастарымыз оқуға, жаңа ғылым-білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануға тиіс. Біз бұл үшін барлық мүмкіндіктерді жасап, ең қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етуіміз керек» деген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сөздері жас буынға үлкен серпіліс пен күш-жігер береді.

Ендеше біздер, қазақстандық жас буын артылған сенімді абыроймен ақтап, болашаққа деген үкілі үміттің тірегі болуға дайынбыз. Экономикамыз өсіп, әрбір қазақстандық жас буын сапалы білім алып, мемлекетке өз үлестерін қосып жатса, бұл жастарға көрсетілген қолдаудың үлкен нәтижесі.

Д.М. ЖАНАБАЕВА,
ҚазҰУ-дың PhD докторанты

2012 жылдың 14 желтоқсанында Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жас мемлекетіміздің ертеңгі келешегін гүлдендіретін, Қазақстан халқының әлеуметтік-тұрмыс жағдайын одан да жоғары көтеруге арналған 2050 стратегиялық бағдарламасын жария етті. Мемлекет басшысы «Қазақстан-2030» бағдарламасы мерзімнен ерте орындалып, еліміздің даму қарқыны өзгергендіктен және ғаламдық жағдайға сәйкес өзгеріп жатқан экономикалық-әлеуметтік жағдайларды ескере отырып, жаңа міндеттер қойды.



Елімізді ұлы тұраққа бастаған стратегиялық құжат қабылданды

Биылғы Жолдаудың ерекшелігі – стратегиялық даму жолымыз 2050 жылға дейін анықталды. Мұнда Елбасымыз Қазақстанның дамыған 30 мемлекеттің қатарына кіру мүмкіндіктерін жан-жақты анықтап берді. Оған дәлел ретінде Қазақстан Республикасының өткен 1991-2012 жыл аралығында тұтас бір ғасырға бергісіз жаңа табыстарға қол жеткізгенін айтуға болады. Яғни сол 21 жылда еліміздің жан-жақты дамуының іргетасы бекіп, мемлекетіміз әлемнің ешбір еліне ұқсас өзіндік дербес жолын тапты. Оның жемісін барша қазақстандық халқымыз көріп отыр: яғни соңғы 60 жылда жаһандық экономика 11 есеге артса, Қазақстан экономикасының өсімі соңғы 15 жылда 16 есеге артқан. Оның ішінде: жалпы экономика 28 трлн. теңгені құраса, айлық табыс 9,3 есе, зейнетақы 10 есеге ұлғайды. ЖІӨ – 7,9 пайызға өсті. 942 мектеп, 758 аурухана, 3936 шағын балабақша салынды.

Елдің денсаулығын жақсартуға 1100 шаршы км темір жол, 48 мың км асфальт жолдар іске қосылды. 1993 жылдан бері 160 млрд. доллар инвестиция игерілді. Бұл әлемдік прогресс емес пе?

Бұл құжат елде тұрып жатқан әрбір жанның жүрегіндегі бойтұмар болуға тиісті. Ақша-несие саясатында инфляция мен экономикалық өсімді ескере отырып, қазақстандықтардың табысын қорғауға баса мән берілуі шарт. Жаңа Стратегия еліміздің бағыт-бағдарын айқындап берген тарихи құжат, әрі маңызды бағдарлама деп білеміз. Бастысы заман талабынан туындаған қажеттілік. Оның Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында жариялануы да тегін емес. Ұлыстың ұлы күні өткенді бір саралап, жалпақ жұрттың жаңа кезеңге аяқ басқандығын айқындап берді.

Мұқтар ТІНӘСІЛІ,
Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі

Светлое будущее КАЗАХСТАНА

Самым волнующим для казахстанцев стало принятие новой Стратегии «Казахстан-2050», где Президент страны выдвинул главную цель – войти в 30-ку самых развитых стран мира, создав общество благоденствия на основе сильного государства, развитой экономики и возможностей всеобщего труда.

Нурсултан Абишевич твердо уверил, что казахстанцы 2050 года – это общество образованных и свободных людей. Он выдвинул много интересных идей, в том числе программы инновационного развития, индустриализации, в образовании, которые обязывают вузы работать по-новому, продолжать вносить вклад в строительство государства и его социально-экономическое развитие.

Для нас, преподавателей, весьма отрядны конкретные приоритеты работы в системе образования, создании высококвалифицированных кадров, умении работать с новыми инновационными технологиями и использовании этих умений на благо страны. Как и во всем мире, нам необходимо переходить на новые методы образования, развивать системы инженерного образования

и современных технических специальностей.

Примечательно, что наш Президент очень часто обращался к молодежи Казахстана, призывая к учебе, знаниям, к новому казахстанскому патриотизму. Он призвал уважать свой родной язык и гордиться им. «Необходимо уже сейчас начать подготовительные работы по переводу к 2025 году казахского алфавита на латинскую графику. Это послужит не только развитию казахского языка, но и превратит его в язык современной информации», – отметил Президент страны.

И воплощение всех идей Лидера нации связывает с молодежью, которая с энтузиазмом и уверенностью смотрит в светлое будущее Казахстана.

Куралай БЕЛЬГИБАЕВА,
доцент ВШЭБ

В Казахстане большое внимание уделяется развитию образования. Глава государства Н.А. Назарбаев часто отмечает важность проведения реформ в этой сфере, целью которых является подготовка грамотного, всесторонне развитого и высококвалифицированного специалиста.

«БОЛАШАҚ» – путь к прогрессу

С момента обретения Казахстаном независимости одним из уникальных и важнейших институтов образования является программа международной стипендии «Болашақ». Иницированная Президентом РК Н. Назарбаевым, она на протяжении многих лет подтверждает свою эффективность в подготовке специалистов. Несомненно, научно-педагогические кадры являются основополагающими в процессе образования, и для них по программе «Болашақ» предусмотрена уникальная возможность получения качественного и квалифицированного образования. Это – прохождение стажировок с представлением языковых курсов, позволяющих уже практикующим специалистам повысить свои профессиональные навыки и получить передовые знания в лучших учебных заведениях мира. Примечательно то, что претенденты сами могут сформировать программу ее прохождения.

В этом году многие преподаватели КазНУ стали обладателями стипендии «Болашақ». Это – уникальная возможность получить международный опыт, когда наша страна входит в новый этап своего развития и вопросы образования, науки, культуры, национально-патриотического воспитания молодежи становятся важными аспектами современной цивилизации. Мы уверены, что внедрение передового зарубежного опыта в наш учебный и научный процесс позволит наращивать свой профессиональный потенциал и конкурентоспособность. Мы искренне рады внести свою лепту к стремлению нашего университета войти в число лучших университетов мира.

Сауле МАУСУМБЕКОВА,
доцент кафедры математического и компьютерного моделирования

Паркур – популярный вид спортивного движения среди молодежи. Скорость, ловкость, умение оценивать обстановку, мгновенная реакция отличают настоящего трейсера (люди, занимающиеся паркурком). Деревья, стены, крыши, парапеты, перила – препятствия, которые преодолеваются благодаря хорошей физической и специальной подготовке. Паркур развивает навык поведения в условиях «здесь и сейчас».



Паркёр (от французского «parkour» – дистанция, полоса препятствий) – искусство перемещения и преодоления препятствий, как правило, в городских условиях. Многими занимающимися воспринимается как стиль жизни.

В Казахстане пока что существует только одна спортивная организация, где паркур представлен на официальном уровне – «Алматинская Молодежная Федерация Гимнастики». О том, как живётся в мире без границ, рассказывает президент этой организации Сергей Головенко.

- Сергей, расскажите, а как всё-таки паркур проник к нам?

- В Казахстане паркур стал популярен, наверное, так же, как и в других странах - после выхода на большой экран фильмов «Ямакаси» и «13-й район». В 2005-м году несколько молодых ребят, моих друзей, находясь под впечатлением от этих фильмов, захотели заняться паркурком, хотя на тот момент они даже не знали, как это называется и что по сути из себя представляет. Первоначально это были просто попытки повторить увиденное в кино, а так как уровень подготовки не позволял повторить всё, то это были прыжки с высот и несложные элементы. Чуть позже ребята «завербовали» в своё увлечение и меня. На тот момент мы были, пожалуй, единственными, кто решил заниматься паркурком всерьёз, появился первый Казахстанский сайт (www.freegun.kz) о паркуре и начались активные поиски единомышленников и наведение контактов с ребятами из России, где паркур к тому времени был уже достаточно развит.

- Паркур - это микс каких видов спорта?

- Паркур уже сложно называть миксом. В интернете обычно пишут, что это синтез видов спорта, таких, как легкая атлетика, скалолазание, спортивная гимнастика и акробатика, но на самом деле он вполне самостоятельный. А за последние 5 лет в нем появилось множество уникальных элементов и их комбинаций, которые вообще никак к

этим видам не относятся.

- Какие мероприятия проводятся в Казахстане по паркуру?

- На данный момент только «Snickers Urbania». Мероприятие ежегодное, и я надеюсь, паркур на этом фестивале станет традицией. А Urbania - это не совсем соревнования. Это фестиваль уличных культур. И хотя он носит соревновательный характер, победа - понятие условное и за ней никто не гонится. Urbania, когда паркур был официально включен в программу фестиваля, проводилась в Казахстане три раза - в 2008, 2010 и 2011 годах. Участников, тех, кто занимается или занимался у меня, - примерно 20-30%.

- Не уж-то паркур - это занятие только для парней?

- Преимущественно - да. Но есть исключения. У нас в городе паркурком занимается несколько девушек. Хотя им, по сравнению с парнями, некоторые вещи даются сложнее в силу более низкой физподготовки.

- А как вы сами пришли в паркур?

- Как я уже сказал, меня «завербовали» друзья. Я даже не предполагал, что в дальнейшем это станет одним из направлений моей профессиональной деятельности. Изначально паркур был для меня всего лишь интересным увлечением, своеобразным способом провести время с друзьями, альтернативой существующим видам спорта и экстремальным направлениям вроде сноуборда, которые требуют денежных затрат на приобретение экипировки. А потом как-то втянулся, большинство моих друзей, с которыми я начинал, со временем забросили своё увлечение, а для меня паркур стал частью жизни, и я решил взяться за его развитие всерьёз. Кстати, в КазНУ тоже есть ребята, которые увлекаются паркурком, один из них - Мерген Тулеов.

- О чём вы думаете, когда вы

выполняете различной сложности прыжки? Вам не страшно?

- Сложно сказать. Думать о чём-то конкретном во время выполнения каких-то элементов не имеет смысла, просто получаешь удовольствие от движения. По большей части мозг занят тем, чтобы правильно рассчитать расстояние и выполнить последовательность движений. Опытный паркур-атлет не делает то, что действительно опасно. Страх - это защитный механизм, страшно, потому что опасно, если страшно - значит не готов. Любители экстрима и острых ощущений в паркуре, вопреки распространенному мнению, практически не встречаются. Именно из-за того, что преодоление страха при выполнении опасных элементов, как правило, ни к чему хорошему не приводит. А после травмы (даже незначительной) о паркуре можно забыть надолго.

- Скажите, что необходимо для того, чтобы начать заниматься паркурком?

- Желание и здоровье (без медицинских противопоказаний). Ну, еще удобная одежда, пара хороших кроссовок и голова на плечах для адекватной оценки собственных возможностей. Не лишним будет так же покопаться в интернете и немного изучить информацию по тому, как именно нужно тренироваться. Ну, или прийти туда, где тренируют.

- А сколько времени займет обучение основам паркура?

- Это зависит от человека, уровня его физической подготовки и мотивации. Для новичков с абсолютно нулевым уровнем сроки составляют приблизительно от 1 до 3-х месяцев. Ну, естественно, надо еще учитывать, как и сколько тренироваться.

- Как относятся родители ваших подопечных к этому экстремальному виду спорта?

- Учитывая то, что тренировки проводятся на базе спортивного учреждения в достаточно безопасных условиях, относятся нормально. В детские группы детишек сами родители и приводят.

- Какой же всё-таки ваш прогноз развития паркура в Казахстане?

- Сложный вопрос. Вполне вероятно, что развитие пойдёт по тому же сценарию, что и в России, там сейчас очень хорошо стали поддерживать неофициальные виды спорта, видимо, до некоторых дошло, что социальная полезность массового спорта выше, чем узконаправленное развитие определенных профессиональных видов. Это выливается в проведение различных спортивных и околоспортивных молодежных мероприятий, а так же в постройку специализированных дворовых площадок. У нас пока что паркур не настолько популярен, и, соответственно, оказывать централизованную поддержку его развитию никто не будет. Так что всё, что мы делаем, - делаем только своими силами, по собственной инициативе и на собственные средства.

В ближайших проектах - постройка своей площадки для паркура, которая будет использоваться для тренировок и различных мероприятий. Если получится, возможно, попробуем зарегистрировать паркур как официальный вид спорта, работа в этом направлении ведется.

Уверен, что у паркура большое будущее. Ведь это не просто спорт, а способ проявления себя как личности, к тому же активное движение полезно для здоровья.

Спасибо за интервью.

Беседовала А. МАЛАЙБЕКОВА,
студентка 4 курса
факультета журналистики



Қорқыттың Нақыл Сөздері

Рухани өміріміздің тарихында бір дәуірдің болмыс-бітімін, таным-түсінігін айшықтай түсетін айрықша тұлғалар болды. Исламға дейінгі Тәңірлік дүниетанымның шашырап жатқан дерек көздерінің негізінде пайымдап, бас-аяғын жинақтауға әрекеттенер болсақ, оның бел ортасында тұрған дара тұлғаларды айналып өту мүмкін емес. Солардың бірі, бәлкім, бірегейі – түркі халықтарының арасында есімі ежелден танымал – Қорқыт ата. Шығыс Түркістаннан бастап Кіші Азияға дейінгі түркі халықтарының ауызша да, жазбаша да жәдігерлерінен оның орын алған Қорқыт бейнесі бір ғана көркемдік дүниенің жеміс еместігі, мұның астарында берісі нақтылы тарихи тұлға, арысы тұтас қоғамдық-әлеуметтік, саяси, діни дүниетаным тамыр тартып жатқан дәуірлік құбылыс жатқандығы даусыз. Байыптап қарасақ, ислампан бұрынғы идеология мен таным-түсінікке қатысы бар тұлғалардың қуаттылығына, жұртшылыққа кеңінен мәшһүр болғаны да Қорқыт есімі.



Қорқыт ата туралы сан қилы аңыз-әңгімелер қазақ арасында ерте кезден-ақ тараған. Сол аңыздардың бірі Сыр бойында айтылып келген. Соған жүгінсек: «Қорқыт-қыпшақ қызынан туған, жері Аят өзенінің бойы (Торғай өлкесінде), Қорқыт көлінің маңы... ол отқа салса күймейтін, суға салса батпайтын, қылыш кессе шаппайтын бір «ғажайып» адам болған». Тағы бір аңызда: «Қорқыттың анасы қыпшақ қызы екен. Ол Қорқытқа жүкті кезінде құланның жаясына жерік болып, жерігі бір жылда ерең басылыпты. Анасы Қорқытты құрсағында үш жыл бойы көтеріп, жылына бір рет толғақ қысып отырыпты. Ең соңында, туатын жылы тоғыз күн толғатып, жерге үш күн қараңғылық түсіпті, қалың қара жаңбыр, сурапыл қара дауыл соғып, біреуді-біреу көре алмай, ел-жұрт қорқынышқа батады» делінген.

Қорқыт туралы бірден-бір жазба дерек деп саналатын «Қорқыт ата кітабы» былай басталады. «Баят руында Қорқыт деген білікті, сәуегей адам болыпты.

Тәңір зердесіне салған соң оның барлық болжамдары қатесіз болған... оғыз тайпаларында Қорқыт ата ең қиын мәселелерді шешетін, жол көрсетуші бас тұлға».

Қорқыт туралы азды-көпті деректердің барлығында оның ұлы жырау (озан), жыршы, ақын болғандығы айтылады. Ол салған дәстүрден кейінгі жырау, жыршылар арасында қобызбен жыр айту XIX ғасырға дейін жеткен.

Қорқыт ата дана-ақылшы ретінде, біріншіден, даналық толғаныстары мен тұжырымдары арқылы көрінсе, екіншіден, жырларының идеясы мен ішкі формасынан, үшіншіден, әрбір жыр соңындағы қорытынды сөздерінің ақыл-кеңестері мен батасынан сезімдік сипатты байқатады.

Қорқыттың ой-пікірін философиялық тұрғыдан тұжырымдайтын ғақлия сөздер, өсиет-нақылдар, қанатты сөз тіркестері өте көп. Қорқыт ата есімімен байланысты осындай үлгі-өнеге сөздер ел аузында көп сақталған. Мәселен ата

салты, оның сабақтастығы мен өмір сүру тәсілі: қабылдап алу, сақтау, кейінгіге жеткізу сияқты уақыт бойынша ұрпақтар алмасуының кезеңдеріне негізделген үш сатысы туралы өсиетнамаларымен қатар жырларынан да көрінеді. Оны Қорқыт атаның өсиет-нақыл сөздерінен көз жүгірткенде анық байқаймыз. Мысалы: «Өлген тірілмейді, кеуденнен жаның кетсе ол қайтып келмейді. Жігіт тірісінде Қаратаудай қылып, бір күн тыным көрмей жияды, молаяды. Бірақ, соның ішінен өзіне тиісті үлесін ғана жейді. Сулар тарам-тарам болып, қаншама тасып аққанымен, теңіздерді толтыра алмайды. Менмен, төкөппар адамды тәңірі сүймейді. Басқалардан өзін жоғары ұстаған адамға тәңірі бақ бермейді. Қара есектің басына жүген таққанмен тұлпар болмас. Қар қаншама қалың жауғанмен-жазға бармас. Гүлденіп өскен бәйшешек күзге бармас. Тозған мақта бөз болмас, ежелгі жау ел болмас (дос) болмас. Ат қиналмас жол шалмас. Қайыспас қара балтасыз жау алынбас. Мыңғырған

мал жиғанмен, адам жомарт атанбас. Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағлым алмаған ұл жаман. Ондай бала ел басын құрап, үйінен дәм беруге жарамайды».

Қорқыт ата өзінің ел-жұртына тағы мынадай өсиет айтқан: «Жол қиындығын көрмеген, жабы мінген жігітке Кавказ арғымағын мінгізуден келер пайда жоқ. Қолына өткір қылыш алып, соны жұмсай, білмеген қорқаққа қылыш сермеп серп етпе. Жер қадірін ел біледі, ер қадірін ел біледі. Құлын құдыққа түссе құрбақа құлағында ойнайды. Көп қорқытады, терең батырады. Қыз анадан көрмейінше үлгі алмас, ұл атадан көрмейінше үгіт алмас. Ежелгі жау ел болмас, ескі мақта жіп болмас», т.б.

Қорқыт кітабының кіріспе сөзінде әйел төрт түрлі болады, оның басы құт әйел, соңы – қанағаты жоқ әйел, одан қалса елін ығыр қылытын кесір әйел, тірлігін ұқсатпайтын салақ әйел деген. Жақсы әйел ерінің бар жоғын білдірмей, елге зға бола алады дейді. Мұнысы мақал-нақыл (ғибрат) сөз. Әйел ерге қорған, отбасының тірегі болса, онда номадтық өмір салты деуге рет бар.

Сонымен түйіндей келе, Қорқыт мұраларының ақыл-нақылға құралған шешендік нақыл сөздерінің аз кездеспейтінін байқауға болады. Нақыл сөздерінде ырғақ, ұйқасқа құралған мазмұны терең ұшқыр да ұтымды ой анық аңғарылып, бүгінгі күнде де өз тәрбиелік мәнін жоғалтпаған. Ғасырлар сынынан өтіп, бізге жеткен Қорқыт ата қазақ әдебиетінің негізін салушылардың бірі және ол тудырған

«Қорқыт ата кітабы» бүгінгі жастар үшін оғыз, қыпшақ дәуірінің ұлы мұрасы қазақ эпикалық дәстүрінің алғашқы баспалдағы ретінде жасай бермек.

Ж.Б. МАНАПБАЕВА,
Ғылыми кітапхана,
Қорқыт өнерін зерттеуші

ҚОРҚЫТ АТАНЫҢ НАҚЫЛ СӨЗДЕРІ – АҚЫЛДЫҢ КЕНІ

Қорқыт ата – ерте замандарда өмір сүрген бабаларымыздың бірі. Ол – қобыз атасы, сазгер, жыршы, ақын, бақсылардың қамқоршысы. Ұлы бабамыз шамамен VIII-IX ғасырларда Сыр бойында туып-өскен, тегі түрік, оғыз тайпасынан шыққан.

Қорқыт – қобыз арқылы музыка өнерінің негізін салған ұлы сазгер әрі жыршы.

Қорқыттың дүниеге келуі де ғажайып сырға толы. Анасы Қорқытқа толғатқанда аспанда күн тұтылып, дүниені қараңғы түнек қаптап, жауын-шашынды дауыл соғады. Күшті күн күркіреп, найзағай ойнап, жұрттың есіл-дәртті қалмай қорқып, Қорқыт жарық дүниеге келгенде, әлгіндей табиғат құдіреті бірден тоқтап, әлем шайдай ашылады, мамыражай күй орнайды. «Апырмай, бұл бала дүниеге жұртты шошындырып, қорқыта келді ғой, соған орай есімін де Қорқыт қоялық», – деседі жұрт...

Қорқыттың пайымдауынша, адамдар адамилық қасиеттерін сақтап қалу керек. Адам үшін ең қауіптісі – адамилықты жоғалту. «Қонақ келмес үйдің қирағаны жақсы, жылқы жемес шөптің шықпағаны жақсы, адам ішпес ащы судың ағысты жылғаларды қумағаны жақсы, атаның атын былғайтын ақылсыз ұлдың тумағаны жақсы». «Адам қаншақажетсінгенімен, ол өз үлесінен артық жей алмайды». Міне, бабаның нақыл сөздері осылай өрнектеледі.

Аңыздарда Қорқыт жер-жаһанды кезіп, “басқа елден әркімге өз елінде жақсы” деген ой түйіндегенін байқауға болады. Оның айнымас досы, сиқыршы Желмаясы болды.

«Атаның атын былғаған жетесіз баланың әке омыртқасынан жаралып, ана құрсағында шырылдап тұмағаны жақсы. Ата даңқын шығарып, өзінің тегін қуған балаға ешкім жетпейді», – дейтін ұлы бабаның нақыл-өсиет сөздерінде өткен заман кескіні, үй-тұрмыс жағдайы, ата-ана, ұл мен қыз, күйеу бала, табиғат көрінісі, хайуанаттар тіршілігінен түсінік беріп, өмір туралы философиясы мен ажалмен алысқан аңыздарында оптимистік сарын бар. Ұлы баба арманы, мұраты адамзатқа жер бетіндегі өмірдің мәнін ұғындыру, адамдар жүрегіне қайсар рух пен кемел ізгіліктің дәнін себу арқылы асыл қасиеттер дарыту. Қорқыт айтты деген мақалдар мен нақыл сөздердің өзінің мәнін жоймағандығы соншалық, оның кейбірі әлі күнге дейін қазіргі қазақ өмірінде қолданылып келеді.

Қорқыт ел бірлігін нығайтқан кемелдер қайраткер ғана емес, түркілік дүниетанымның мәйегін жасап кеткен ғұлама ойшыл, әлемдік ақыл-ой мәдениетінде өз орны бар философ-гуманист.

Қорқыт жырларындағы отаншылдық пен ерлік, ізгілік пен әдептілік, сабырлық пен төзімділік – біздің бәріміздің ата-бабаларымызды қандай қиын сыннан да алып шыққан түркілік қанымызда бар қасиеттер. Қорқыт ата мұрасы ертеңгі зиялы азамат ретінде елінің шын патриоты болып өсуімізге ықпалы зор, сондықтан Қорқыт атаның нақыл сөздерін әр жастағы адам өзінше оқиды, өзіне көрегіні алып, өмірлік тәжірибеде қолданады.

Осы болмысымыз бен дүниетанымызды келер ұрпақтарымыз да мәңгілікке жалғастырып, адамзат өркениетінің тарихында лайықты орнымызды иелену үшін біз Қорқыт Ата мұрасын зейін қоя оқып, өзімізден кейінгі ұрпаққа үлгі өнеге етуіміз қажет.

Перизат МҰҚАШЕВА,
химия және химиялық технологиялар
факультетінің 2-курс студенті

Нақыл сөздер

Адам баласы көруен сияқты:
тоқтады, көшті де кетті.
Өлгендер қайтып келмейді,
шыққан жан қайтып енбейді.
Қанша қалың жауғанмен,
қар көктемде қалма,
Гүл жайнаған шалғын да,
қара күзге қалмайды.
Топырақ тау болмайды
Ұлдың күні күн емес,
атадан мал қалмаса,
Ата малы пұл емес,
баста ақыл болмаса
Қанша байлық жисаң да,
бұйырғаннан артық жей алмайсың
Дүние бір адамға көп, екі адамға аз!
Өткен күн, кеше, тарих,
Келер күн, ертең, сыр,
Ал бүгінгі күн, үлкен сый.
Ұл ақылды хош көрмес,
ата үлгісін көрмесе,
Қыз жарытып ас бермес,
ана үлгісін көрмесе.
Тәккапарлықты – тәңірі сүймес
Ат жемейтін ащы шөптің
шыққанынан шықпағаны игі,
Адам ішпес ащы судың
аққанынан ақтағаны игі,
Атасының атын шығармаған
жігерсіз ұлдың туғанынан тұмағаны
игі.
Сауыттың қасиеті қылышпен
ұрғанда, аттың қасиеті жаудан алып
шыққанда көрінер.

«Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың халыққа жолдауы аясында тарих, археология және этнология факультетінде жақында «XXI ғасырдағы Қазақстандағы дін» атты тақырыпта пікір алмасу өтті. Жолдауда «Бүгінде біздің халқымыз үшін дәстүрлі емес діни және жалған діни ағымдар мәселесі өткір тұр. Жастарымыздың бір бөлігі өмірге осы жат жалған діни көзқарасты көзсіз қабылдайды, өйткені біздің қоғамның бір бөлігінде шеттен келген жалған діни әсерлерге иммунитеті әлсіз» мәселесі өте орынды көтерілді. Сондықтан болар студенттер осы мәселенің шешілу жолдарын, мазмұны жағынан тиімді іс-шара ретінде діни сауаттылық пен пікір алмасу алаңының болуына назар аударуды ұсынады.

Пікір алмасу алаңы

Осы мақсатта тарих, археология және этнология, экономика және бизнес жоғары мектебі, сонымен қатар заң факультеттерінің студенттерінің пікірлесу ортасына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Философия, дінтану және дінтану институтының бөлім меңгерушісі, философия ғылымдарының докторы Сатершинов Бақытжан Меңлібекұлы арнайы шақырылды. Бақытжан Меңлібекұлы діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу мәселесі бойынша баяндап, қазіргі қоғамдағы, әсіресе жастар арасында, дінге бет бұрудың жағымды үдерісімен қатар, діни экстремистік көңіл-күйдің тарала бастауы туралы бұл ислам дінінің (халықтың 70%-ы ұстанатын) жат жерлік деструктивті ағымдарына қатысты, мысалы, уахабизм мен салафия (жиһадшылар мен төкфіршілер), хизбут-таһрир, дәуатшылар және т.б. жайында қозғады. Бұлар үкіметке, елге жұмыс істеуді қаламайды, қоғамда қалыптасқан тәртіптерді мойындамайды, ұлттық әдет-ғұрыптар мен дәстүрді теріске шығарады. Бұл ағымдардың келесі қарама-қарсы жағында зікіршілер (иасауийа тариқатшылары немесе қазіргі сопысымақтар) тұр. Олар, керісінше, дәстүрді дәріптеп, тек қазақтар ғана нағыз мұсылмандар деп есептейді. Бұлардың барлығынан келетін қауіп олардың мемлекеттен, қоғамнан және отбасынан оқшауланып, өздерінен басқа көзқарастағыларға төзімсіздік танытуы, кейде бұзық әрекеттерге көшуін баса өтті. Тарихшы студенттер А. Манатова, М. Абдразахова, Н. Жорабек,

А. Қанайбеков, Ә. Байболатова қазақ даласындағы діндердің таралу тарихына, оның ерекшеліктеріне қатысты пікірлерін ортаға салды. Мектеп бағдарламасына «Дінтану» пәнін енгізу арқылы рухани сұранысты жүйелі түрде сауатты қалыптастыру қажеттігін назарға алуды ұсынды. «Ислам» тарихын оқыту мәселесі де талқыланды.

Заңгер студент Д. Сағынғалиев: «Қазіргі заман «ақпараттық ағыс пен соғыс» заманы және сыртқы қауіпті ескермеу мүмкін емес. Дінге қатысты заңның қабылдануында: «Біз мұсылман үмбетінің бір бөлігі екенімізді мақтан тұтамыз. Ол – біздің дәстүріміз. Бірақ бізде зайырлы қоғамның дәстүрлері де бар екенін, Қазақстан зайырлы мемлекет екенін ұмытпауымыз керек», – деп, құқықтық қайшылықтардың орын алмауын ескеру туралы ойын ортаға салды. Заңгер студент Т.Тұрсынбек діни мәселеге қатысты қайшылықтардың туындауын әлеуметтік мәселелердің шешілмеуіне тікелей байланыстылығын атады. Жаңа жұмыс орындарының ашылуы, инфрақұрылымның дамуы фанатизмнің жетегінде кететін жастардың санын өсуіне тосқауыл ретінде қарап, жолдаудағы экономикалық мәселелердің алғашқы болып қаралуының себебі ретінде атап өтті.

Пікір алмасу соңында осы мәселелердің шешілу жолдары ұсынылды.

**А.М. ӘБДІЛДӘБЕКОВА,
Э.Т. ТЕЛЕУОВА,
қазақстан тарихы
кафедрасының доценттері**

Конституциялық сауаттылықты көтерген іс-шара

Осыдан тура 20 жыл бұрын жас тәуелсіз мемлекетіміздің жаңа саяси, экономикалық-әлеуметтік, құқықтық бағытта дамуының іргесін қалауға негіз салған тарихи оқиға орын алды, яғни тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Конституциясы қабылданды. Бұл Конституция толықтыруларға толы болғанына қарамастан оған қоғамдық тарихи орны, маңызы мен мәні туралы бүгінгі жас буынның хабардар болуын қамтамасыз ету мақсатында ҚазҰУ заң факультетінің мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасының мүшелері жақында №18 студенттер үйінде «Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Конституциясына – 20 жыл: оның тарихи-құқықтық маңызы» тақырыбында ой-толғау өткізді.

1993 жылдың 28 қаңтарында Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі демократиялық қоғам мен құқықтық мемлекет құруға бел байлап, азаматтық татулық пен ұлтаралық келісімді, халқымыз үшін лайықты өмірді қамтамасыз етуді қалай отырып, егемен мемлекетіміздің тірегі болған алғашқы тәуелсіз Конституцияны қабылдады. Бұл Конституция социалистік құрылыстың негіздерін, социалистік мемлекеттік механизмнің жүйесін, социалистік құқықтық принциптерді бекіткен, яғни социалистік идеяларға қаныққан 1978 жылғы кеңестік Конституцияның орнына келді. Ол мемлекетіміздің бір қоғамдық даму сатысынан келесісіне өтуі кезінде – өтпелі кезеңде, «ескі» мен «жаңа» саяси күштердің күресі тұсында қалыптасты. Бірқатар кемшілік, қайшылықтардың орын алғанына қарамастан Қазақстан Республикасының бұл Конституциясы құқықтық мемлекетті қалыптастыру мен қоғамды демократияландыру жолындағы тарихи маңызды белес болды. 1993 жылғы Конституция Қазақстанның шынайы егемендігінің атрибуттарын бекіте отырып, республикамыздың егемендігінің қалыптасуын конституциялық деңгейде тиянақтаған, заң жүзінде аяқтаған, мемлекетіміздің жаңа экономикалық бағытта дамуының құқықтық негізін қалаған, жалпы адамзаттық құндылықтарды, негіздерді таныған, шынайы конституционализмнің орнығуын жалғастырған алғашқы Конституция болып табылды. Оның бекіткен көптеген демократиялық қағидалары кейінгі Ата Заңымызда негізге алынып, өз

жалғасын тапты, кемшілік-қайшылықтары жойылып, түзетілді.

№18 студенттер үйінің тұрғындарының қатысуымен жүргізілген ой-толғауда заң факультетінің тиісті кафедрасының мүшелері жалпы Конституцияның мәнін, тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Конституциясының қабылдану себептері мен кемшіліктерін, тарихи маңызын студенттерге түсіндіре отырып оларды Конституцияны сыйлау, құрметтеуге шақырды. Бұл тұста мемлекетті, елімізді сыйлау Конституцияны сыйлаудан басталатыны баса айтылды. Себебі мемлекетіміздің алған даму бағыты, оның құрылымы, алдына қойған мақсаты, азаматтың мемлекеттегі алатын орны, азаматтарына деген мемлекеттің қамқорлығы осы құжатта жазылған. Ой-толғау барысында тиісті кафедра мүшелері студенттердің сұрақтарына жауап беріп, оларды қызықтырып, толғандырып жүрген мәселелерді анықтауға тырысып, студенттердің оқытушылардан алшақтамай, оларға барынша жақын болуын өтінді. Осы тұста оқытушылар өздерінің басты міндеті бүгінгі қоғам талабына сай білімді де білікті, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау болып табылатындықтарын айта отырып, студенттердің білімі мен біліктілігін көтеруге бағытталған шаралар жүргізуге қарсы еместігін білдіріп, тек студенттер тарапынан қандай да болмасын бастама болуын, белсенділік танытылуын түсіндірді.

**Айгерім ЖАРБОЛОВА,
заң факультетінің доценті**

«GLOBAL CLASSROOM» – НОВЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ

В ходе встречи было отмечено, что наш университет сотрудничает со многими вузами США. И один из таких, это – Колумбийский университет, с которым КазНУ разработал для магистрантов проект «Global Classroom». Программа расширяет представление молодых исследователей о своей роли в решении вопросов здравоохранения, экологии, экономики, образования. Руководителями проекта выступили профессор Г.Ж. Ибраева и Р.Ф.Абазов.

Встретившись со студентами КазНУ, американские гости отметили активность и энтузиазм студентов. Они обсудили со слушателями Global classroom преимущества международной программы, а также обменялись мнениями по вопросам политики, экономики,

культуры двух государств. Студенты также получили официальное приглашение на стажировку в Конгресс США и на летние программы ООН.



В КазНУ им. аль-Фараби состоялась встреча с представителями Конгресса США, прибывших в г.Алматы по казахстанско-американской правительственной программе обмена.

Сейчас в КазНУ в рамках международной программы «Global Classroom» проходят лекции на английском языке «Climate Justice, Human Rights, and Development». Междисциплинарный курс ориентирован на магистрантов и докторантов всех специальностей университета. Слушателям, успешно окончившим обучение, выдается сертификат Колумбийского университета.

**Назым КАБЫШЕВА,
студентка 3 курса
факультета журналистики**

МАЙБУЛАК – стоянка древнего человека

Мне как журналисту интересно было побывать с группой археологов на древнепалеолитической стоянке Майбулак. Руководил раскопками известный археолог, доктор исторических наук, профессор, декан факультета истории, археологии и этнологии Ж.К. Таймагамбетов.



Мы оказались в поселке Каргалы (бывший Фабричный), в 40 км от г.Алматы. Именно здесь находится стоянка первобытного человека, возраст которой превышает 35 тыс. лет. Майбулак является единственным исследованным стратифицированным памятником эпохи палеолита на обширной территории Юго-Восточного Казахстана, абсолютная высота которой составляет 1040 м над уровнем моря.

Устье небольшой речки Майбулак было одним из самых благоприятных районов для первобытного человека в Семиречье. Из огромного ущелья когда-то вытекала довольно большая река, которая при выходе имела два русла. Плодородная земля привлекала сюда животных, а местность была идеальной для проживания наших предков. Здесь хорошо сохранились изготовленные древним человеком каменные орудия – скребки, ножи, острия и другие предметы, а также так называемая «мастерская» – место, где обрабатывали камни и где в большом количестве разбросаны их осколки. Об этом свидетельству-

ют скопления галек, желваков, плиток различного размера и залегание каменных артефактов. Мощность культурных отложений показывает, что местонахождение было обитаемо в течение длительного времени.

Как отмечает Жакен Кожаметович, стоянка Майбулак имеет мировое значение и представляет огромный интерес за рубежом. Ознакомьтесь с уникальным памятником приезжали ученые из Японии, Франции, США, Италии, Германии, Бельгии, Китая. Майбулак уже вошел в историю палеолита Казахстана как один из наиболее интересных и перспективных памятников каменного века Центральной Азии.

К сожалению, сейчас памятник Майбулак находится под угрозой уничтожения. Поэтому сегодня археологи озадачены его сохранением. Этим и занимается единственный на постсоветском пространстве музей палеолита КазНУ им. аль-Фараби, где хранятся уникальные экспонаты.

Узраго Амината Айша,
студентка 2 курса
факультета журналистики

Журналистика факультетінің жанынан құрылған «Әлем» әдеби бірлестігінің ұйытқы болуымен өткен кездесуге факультет ұстаздары мен студенттер қатысып, ақынға көкейлерінде жүрген сан сауалды қойып, тұшымды жауап алды. Өркениет көшіне рухани құндылықтармен ғана аяқ басарымыз хақ. Осы тұрғыда әдебиет майталмандарымен кездесу журналистика факультетінде дәстүрге айналған.



«Қазіргі қазақ поэзиясы өрістеп тұрған шақта, жырға ғашық жастардың қарасы көбейіп келеді. Бұл өлеңқұмар ерелі болашақтың өсіп келе жатқанын аңғартады. Оған дәлел сіздер мен біздердің сырлы сұқбат үшін жиналып отырғанымыз», – деп бастады сөзін өлең өлкесінің шаң ілестірімес жүйрігі, ақын Маралтай Райымбекұлы №5 студенттер үйінде өткен кездесуде. Осы кездесудің қонағы, өлең майталманы Маралтай ақынның сан қырын ашу үшін бірлестік мүшелері мен жас ақындар өз өлеңдерін оқып, бойдағы өнерлерін паш етіп кездесу көркіне ажар қосты.

Ақын кездесуде «Жез қоңырау», «Күдірет», «Атилла» атты өлеңдерін оқып, әр сұраққа жауап беру барысында сөздерін өлеңмен өрді. Бірнеше дүркін президенттік стипендияға ие болған ақын шайырлардан қалған өлеңнің бар күдіретін танытып, ақын ізбасарларына қазақ өлеңіне жүйрік болып келулеріне тілектестік білдірді. «Ақынның арын Алласы білер, Ал сенің арың қолыңда», – атты өлең шумақтарымен ақын кездесуді аяқтап, студенттерге қолтаңбасын беріп, естелік суретке түсті.

Назерке ЖАЙЛАУ,
1-курс студенті

Магистранты кафедры рекреационной географии и туризма КазНУ им. аль-Фараби, обучающиеся по программе двойного диплома в РУДН (РФ), в рамках международной конференции «Формирование компетенций для индустрии гостеприимства в вузовской среде» представили в Москве проект «Национальная кухня как средство межкультурных коммуникаций».

Казахская кухня в Москве



Презентация казахского дастархана вызвала большой интерес как у членов жюри, так и у гостей из других стран-участниц форума. В основу сюжета легли традиции празднования Наурыза. Создав его атмосферу, участники продемонстрировали знание истории и этнографии, национальных обычаев. Приготовленные ими блюда – наурыз-коже, бешбармак, баурсаки – получились почти, как дома, поскольку отдельные компоненты для их приготовления были привезены заранее из Казахстана.

«Участие в таких форумах позволяет на практике продемонстрировать то, чему тебя научили в вузе, а также умение работать в команде, отстаивать свою точку зрения. Вдвойне ответственно и почетно представлять свою страну и КазНУ им. аль-Фараби перед мультинациональной профессиональной аудиторией», – поделились впечатлениями магистранты.

Александр АРТЕМЬЕВ,
заведующий кафедрой рекреационной
географии и туризма

ҚУРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА
Тілші – Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА
Корректорлар: Гүлжан РҮСТЕМБЕКОВА, Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА
Беттеуші – Айжан ЖАҚЫПОВА
Фототілшілер: Алматы МҰХАМЕТЖАНОВ, Асқар ТАМАШ

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
“Бизнес Информ” баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.
Тел.: 8 (727) 293-09-09

Бағасы келісім бойынша. Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 10090

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.